

**Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдердің туризм  
және экология орталығы**

Хаттама №\_\_ 2018 ж.  
ӘБ отырысында қаралды.

**«Жайық жұлдызы»  
туристік-өлкетану үйірмесінің  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

4 оқу жылы  
2018-2019 о.ж.

**Авторы:** Қайрлиева Қ.Ж. –  
қосымша білім беру педагогы

**Орал-2018**

## Түсінік хат

**Өлкетану** деп белгілі бір аймақты жан-жақты зерттеп тану. Өлкенің әлеуметтік-экономикалық, саяси, тарихи және мәдени дамуы, сондай-ақ, оның табиғи сипаты өлкетану нысаны болып табылады.

**Бағдарламаның бағыты:** «Жайық жұлдызы» туристік-өлкетану бағдарламасы оқушылардың танымдық өрісін кеңейтіп, азаматыққа, патриоттыққа тәрбиелейді. Қазақстан Республикасының БІЛІМ ТУРАЛЫ Заңының (27.07.2007, №319); 37-бабы «Қосымша білім беру» нұсқауға алынды. Бағдарлама арқылы өлкемізде өмір сүретін халықтардың және қазақ халқының тарихымен таныстырып, дәрістер, ойын бағдарламалары жоспарланып, туристік дағдылар мен жорық кезіндегі қажетті міндеттер қамтылған. Бағдарлама орта топ оқушыларына арналған. Бұл бағдарламамен топ бірнеше жыл жұмыстануға болады. Жыл бойына өткендерді келесі жылы күрделендіріп беріледі. Бағдарлама туған өлкенің және қаланың тарихымен, танымал жерлестеріміздің өмірімен, өлке туралы аңыздармен, ата-бабамыздың салт-дәстүрі және әдет-ғұрпымен таныстырады. Оқушылар өздері тұрған қаланың тарихын танып, мәдениетімен танысады. Бағдарлама арқылы өздерін туған халқының бір бөлшегі, сол халық мұрасын сенімді сақтаушы және жалғастырушы тарихты білетін өз елінің азаматы екендігін сезінеді.

Бағдарламаны қосымша білім беру педагогтарына, өлкетану үйірмесімен жұмыстанушы мектеп мұражайының жетекшілеріне пайдалануға болады.

**Бағдарламаның мақсаты:** туған өлкенің тарихи –мәдени мұраларын, дәстүрлері мен әдеп – ғұрыптарын зерделеу, зерттелмеген жаңа орындарды ашу, өткені мен қазіргі тарихын жинақтау.

### **Міндеті:**

- өлке тарихы, орналасқан жері, аумағы, халқы, мәдениеті жөнінде білім беру;
- өлкенің мәдени-ағарту ісіне үлес қосқан адамдар жайлы материалдарды іздеу;
- жаңа технологиялық ақпарат көздерімен жұмыс істеуге, мәлімет іздеуге дағдыландыру.

**Бағдарламаның өзектілігі:** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының кіші бағдарламасы бойынша-патриотизмді қалыптастыруға бағытталған. Оқушыларды өзінің кіші Отанын сүйуге тәрбиелеу арқылы құлықтылыққа және патриоттыққа тәрбиелеуге болады.

**Бағдарламаның жаңашылдығы:** оқушы өлкетанулық білімді музей жәдігерлерінен, мұрағаттарда, кітапханалардан және өлкетанулық нысандардан алады. Бағдарламаны оқыту арқылы білім мен туған өлкенің мәдениеті мен табиғатын, тарихын біледі, тақырыптар мен мәселелерді анықтайды, мұражайлық-өлкетанулық зерттеу жұмыстарын жүргізеді, бос уақыттарында іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ақпарат құралдарды пайдаланып оның ішінде: газет, журнал, интернет арқылы мәліметтер жинау. Бағдарламаны меңгерту үшін әдебиеттер көрсетілді.

**Бұл бағдарламада бірнеше оқыту формалары қолданылады:**

1. Лекция
2. Экскурсия (саяхат, экспедиция, жорық)
3. Дөңгелек үстел, кездесу кештері
4. Сарамандық жұмыс

**Бағдарлама** өлкетанулық білімін тереңдету үшін 5-8 сынып оқитын мектеп оқушыларына арналған, 216 сағат, 3 оқу жылына арналған.

**Жүзеге асыру** уақыты 5 жыл

Р/ с	Тақырыптардың және бөлімдердің атауы	Сағат саны				Уақыты
		Барлығы	Дәріс	Практика		
				Ғимарат	Далдас	
<i>Ең алдымен өзіңді өзің таны! Соқрат</i>						
<b>I. Кіріспе</b>						
1	Үйірмені жинақтау іс қағаздармен жұмыс	3	0	3		6
2	Туризмнің денсаулықты жақсартудағы ролі	6	3	3		8-13
<b>II. Туристік-тұрмыстық дағдылар</b>						
3	Жас туристердің тәртіп ережесі	3	3			15
4	Табиғат аясында қауіпсіздік негіздері	3		3		20
5	Жеке жабдықтар, және олардың күтімі, жеке гигиена	3	3			22
6	Топтық жабдықтар және олардың күтімі	3	0	3		27
7	Жорық кезіндегі туристік - өлкетану дағдылары мен біліктіліктері	3	0	3		29.IX
		<b>24</b>	<b>9</b>	<b>15</b>		<b>Қыркүйек</b>
<b>III. «Өлкетану негіздері»</b>						
8	Өлкетанудың зерттеу нысаны	3	3			4-6
9	Әдеби өлкетану негіздері	3		3		11
10	Ауыз әдебиеті	3		3		13
11	Батыс өңірінің ән-жырлары	6	6			18-20
12	Өлкенің аңыз - әңгімелері	3	3			25
13	Мақал-мәтелдер сөз мәйегі	3	3			27
14	Жұмбақ - жаңылтпаштар	3		3		1
		<b>24</b>	<b>15</b>	<b>9</b>		<b>Қазан</b>
<b>IV. «Тарихы терең өлкем»</b>						
15	Батыс өңірінің тарихы	6	3	3		3-4
16	Өңір ескерткіштерінің тарихпен байланысы	6		6		8-10
17	Өңірді зерттеген саяхатшылар	6		6		15-17
18	Өңірдегі археологиялық ескерткіштер	6	3	3		22-24
		<b>24</b>	<b>6</b>	<b>18</b>		<b>қараша</b>
<b>V. «Іздестіру-зерттеу жұмыстары»</b>						
19	Іздестіру-зерттеу жұмыстарының әліппесі. Өлке тарихы - көше атауларында. Мен тұратын көше.	6	3		3	29-1
20	Іздестіру-зерттеу жұмысы «Көшемнің атауына мақтанам!»	3		3		6

<b>VI. «Этнография»</b>						
21	Батыс Қазақстан өлкесінде тұратын халықтардың мәдениеті, дәстүрі, әдет-ғұрпы туралы түсінік	3	3			8
22	Батыс Қазақстан өлкесінде тұратын халықтардың қолөнері туралы түсінік.	6	3	3		13-15
23	«Үкілі камшат, бүрмелі көйлек» Ұлттық киімді әсемдеу дәстүрі	6	3	3		20-22
24	Іздестіру-зерттеу жұмысы: Ұлттық тағамдар асханасы.	3		3		27
		<b>27</b>	<b>12</b>	<b>12</b>	<b>3</b>	<b>желтоқсан</b>
<b>VII. «Мұражай – асыл қазына»</b>						
25	Мұражай-халықтардың материалдық және рухани қазынасы. Қ.Мырзалиев атындағы әдебиет мұражайы, облыстық тарихи өлкетану музейіне саяхат	9	3		6	29-3-5
26	Старый Уральск, Өрт сөндіру, темір жол вокзалының музейлеріне саяхат	9	3		6	10-12-17
27	Қысқы шаңғы жорығына дайындық.	6	3	3		19-24
		<b>24</b>	<b>9</b>	<b>3</b>	<b>12</b>	<b>қаңтар</b>
<b>VIII. «Туған елің – туғырың»</b>						
28	Батыс Қазақстан өңірінің шаруашылығы	3	3			31
29	Жеңіл өнеркәсіп орталықтарына саяхат	6		6		2-7
30	Батыс Қазақстан өңірінің ерекше қорғалатын аумақтары және табиғатты қорғау.	3	3			9
31	Табиғатты қорғау орталығының жұмысымен танысу. Табиғат және экология музейіне саяхат.	6		6		14-16
32	Батыс Қазақстан өңірінде кездесетін аң-құстар. Бердинг .	6	3	3		21-23
		<b>24</b>	<b>9</b>	<b>15</b>		<b>ақпан</b>
<b>IX. «Ғалымның хаты өлмейді»</b>						
33	Батыс Қазақстан өңірінің танымал адамдары. Өлкетанушылар туралы мәлімет.	6	6			2-7
34	Өлкетанушылар еңбектерімен танысу.	6		6		9-14
35	«Өмірі өлкесімен өрнектелген» өлкетанушылармен кездесу	6	3	3		16-21
36	Ұлттық мереке- Наурыздың тойлануы.	6	3	3		23-28
37	Батыс өңірінің ақын-жазушылары	3		3		30
38	Батыс өңірінің ғалымдары	3	3			4

		<b>30</b>	<b>15</b>	<b>15</b>		<b>наурыз</b>
<b>Х. «Топонимика»</b>						
39	Батыс Қазақстан өлкесінің топонимикасы, жер-су атаулары.	<b>6</b>	3	3		6
40	«Туған өлкем - Ақжайық» виртуалды энциклопедиясының тапсырмалары бойынша жұмыс	<b>6</b>	3	3		11-13
41	Топографиялық зерттеу, жергілікті жерді бағдарлау. Топографиялық белгілер. Саяхат ауданын зерттеу. Компас. Картамен жұмыс жасау. Күнделікпен жұмыс.	<b>6</b>	3	3		18-20
42	Батыс өңірінің электронды картасын жасақтау	<b>6</b>	3	3		25-27
		<b>24</b>	<b>12</b>	<b>12</b>		<b>сәуір</b>
43	Батыс Қазақстан соғыс жылдарында	3		3		2
44	Батыстың батыр қыздары. Мәншүк есімі мәңгілік. Қазақтың тұңғыш әскери ұшқыш қызы. Партизан қыз.	9			9	4-9-11
45	Қорытынды	<b>3</b>		3		16
		<b>15</b>		<b>6</b>	<b>9</b>	<b>мамыр</b>
46	Сынақтық жорықтар					
	<b>Барлығы</b>	<b>216</b>	<b>96</b>	<b>120</b>		

## Мазмұны

### I - бөлім. Кіріспе.

*1 сабақ. Үйірмені жинақтау іс қағаздармен жұмыс (3с)*

Үйірменің іс-қағаздарын жинақтау. Ата-аналармен жұмыс.

*2 сабақ. Туризмнің денсаулықты жақсартудағы ролі (6)*

Туризм және өлкетану туралы түсінік. Үйірменің мақсаты мен міндеттері. Табиғатқа серуендеу мен экскурсиялар жасауда адам денсаулығын нығайтуға тигізетін әсері. Жорықтар бұлшық ет қозғалысын дамытып қоймай, сонымен қатар жүрек, өкпе және адам ағзасының басқа да мүшелерін нығайтатындығын ұғындыру. Жорықтар кезінде көптеген қызықтар мен жаңалықтарды үйретіп, қоршаған ғаламдағы табиғат аясымен, адамдардың қолымен жасалған орындармен танысып, өңірде жүру ережесін сақтау, өзін және өз жолдастарын /жол айрығы/ күте білу, туристік өмірдегі эпизодтарды бақылап қызықты жерлерді суретке түсіру.

### II . Туристік-тұрмыстық дағдылар

*3-сабақ. Жас туристердің тәртіп ережесі. (3 с)* Практикалық сабақ: Туристік лагерьге саяхат. Туристік жорықтың тактикасы мен техникасы.

*4-сабақ. Табиғат аясында қауіпсіздік негіздері (3 с)*

Туристік жорықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Туристік түйіндер, кеуде бекіткіші және оны қолдану тәсілі. Сақтандыру құралдары мен түрлері: біруақыттық, кезекті, топтық және өзін-өзі сақтандыру. Сақтандыру орнын таңдау және дайындау. Жоғарғы және төменгі сақтандыру. Арқан арқылы жоғарыға шығу және төменге түсу.

*5-сабақ. Жеке жабдықтар, және олардың күтімі, жеке гигиена (3 сағ.)*

Жеке заттарды жабдықтау, олардың күтімі туралы түсіндіру.

*6-сабақ. Топтық жабдықтар және олардың күтімі (3 сағ.)*

Өлкетануда қолданылатын карталардың түрлері, бағдарлау (бағытты анықтау) негіздері, компас, жергілікті жерде және картада азимутты анықтау, полярлық және маршруттық түсіру тәсілдерімен жергілікті жердің жоспарын жасау технологиялары, шартты белгілер; Топтық құралдар. Туристік палаткаларды сипаттары. Тент және палаткалар. Құралдардың күтімі және оны жөндеу. От жағу құралдары. Өлкетану жұмыстардың міндеттеріне байланысты арнайы экспедициялық құрылғылар. Туризм түрлері бойынша арнайы құрылғылар: мұзжарғыштар (ледоруб), ілмектер (крючья), кошкалар, қорғаныс жилеты, байдаркалар, шаңғылар, каскалар және олардың күтімі т.б.

*7-сабақ. Жорық кезіндегі туристік - өлкетану дағдылары мен біліктіліктері (3 сағ.)*

Саяхат ауданын зерттеу. Компас. Туристік - өлкетану дағдылары, біліктіліктерін қайталау. Өлкетануда қолданылатын карталардың түрлері, бағдарлау (бағытты анықтау) негіздері, компас, жергілікті жерде және картада азимутты анықтау, полярлық және маршруттық түсіру тәсілдерімен жергілікті жердің жоспарын жасау технологиялары, шартты белгілер; Жорық, экспедиция, экскурсиялар. Туристік құрал-жабдықтар. Жолда жүру ережесі. Алау түрлері. Жіп байлау. Картамен, күнделікпен жұмыс. Жорық, экспедиция, экскурсиялар түрлері. Жорыққа дайындық. Жорық ауданын зерттеу. Топтағы міндеттерді бөлу. Жорық күнделігін жүргізу. Жорық бағдарламасын және маршруттың әзірлеу. Маршрут құжаттарын даярлау. Есепті дайындау. Туристік құрал - жабдықтар. Жолда жүру ережесі. Алау түрлерімен (шалаш, құдық, пирамида, таежный, траншея, «заборчик», «решетка», «аңшының ошағы» т.б.) таныстыру, қолдалынуы, тәртібі (Алауды қатты желден сақтау; оған ауа келіп тұруды қамтамасыз ету; жылынуға - кең жағылған, тағам дайындау үшін - конус тәрізді алауларды пайдалану т.с.с.) туралы ұғындыру.

### **III. Өлкетану негіздері**

*8-сабақ. Өлкетанудың зерттеу нысаны (3 с.)* Өлкетанудың зерттеу нысандары: табиғат, жер, территория, сол жердің халқы, тарихы, шаруашылығы, өнері мен мәдениеті.

*9-сабақ. Әдеби өлкетану негіздері (3 с.)* Өлкенің әдебиетіне шолу жасау. Ақын жазушылар еңбегімен танысу. Кітапханаларға саяхат жасау.

*10 - сабақ. Өлкенің аңыз – әңгімелері (3 с.)* Өлкенің аңыз әңгімелерін жинақтау. Асан қайғының өлке туралы қалдырған болжамдарын оқу.

*11-сабақ. Батыс өңірінің ән-жырлары (3 с.)* Ән мұрасы – қазақ жанының ғасырлар көшінде шаң баспаған сырлы айнасы, халық рухының ықылымнан тіл қатқан тірі куәгері. «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» антологиясына енген әндер. Мұхит Мерәліұлының шығармашылығы.

*12- сабақ. Ауыз әдебиеті (3 с.)*

Ауыз әдебиеті – елдің жазу өнерін білмей жүрген кезінде шыққан сөз өнері туралы түсінік қалыптастыру. Жазу өнері болмаған соң, елдің тарихы, өмірі, тұрмысы, салты, туған жері, өнері, арманы, әдемі, мәнді әңгімелерін жинақтау. Ауылдың көнекөз қарияларымен сұхбат алуды үйрену (экспедиция, жорық кезінде).

*13- сабақ. Мақал-мәтелдер сөз мәйегі (3 с.)* Ауыз әдебиетінің түрлерін талдау: тұрмыс - салт жырлары, мақалдар-жұмбақтар, ертегілер, мәтелдер, аңыз – әңгімелер, айтыстар, шешендік сөздер. Халық музыкасы, халық биі, халық өлеңі, халық театры, халық әдебиеті, халық қолөнері, халық қолданатын ырымдар мен ғұрыштар, салттар мен наным-сенімдер. Фольклор– халықтың бұрынғы замандарда өмір сүрген бабалары шығарып, пайдаланып, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп, бүгінгі дәуірге жеткізген руханият. Мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар түрлері.

*14-сабақ. Жұмбақ – жаңылтпаштар (3 с.)* Жұмбақ-жаңылтпаштар түрлері. Жұмбақтар мен жаңылтпаштарды жинақтау, жаттау.

### **IV. Тарихы терең өлкем**

*15-сабақ. Батыс өңірінің тарихы (6 с.)*

*16-сабақ. Өңір ескерткіштерінің тарихпен байланысы (6 с.)* Орта ғасырлық Жайық қалашығы, Сарайшық қалашығы. Теректі ауданынан табылған алтын ханшайым ескерткіші. Орал қаласының тарихы. Жайық қалашығы т.б. археологиялық ескерткіштер, ерте замандағы тұрақтардың, елді мекендердің, қалалардың, қорғандардың, қорымдардың сызба-нұсқаларын жасау. Қаладағы ескерткіштер. Даңқ, «Европа-Азия» монументтері, А.С.Пушкин, М.Мәметова, А.Құнанбаев, В.И.Чапаевтың, С.Датов, Г.К.Жуков, А.Шолохов, Т.Масиннің және М.Молдағалиевтің ескерткіш-мүсіндерінің авторлары мен қала тарихымен байланыстылығы.

*17 – сабақ. Өңірді зерттеген саяхатшылар (6 с.)*

*18 – сабақ. Өңірдегі археологиялық ескерткіштер (6 с.)* Б.з.б. 2-мыңжылдықтың басында Еділ-Жайық өңірінде кешенді мал, егін шаруашылығы қалыптасуы. Ежелгі Грек ғалымдарының еңбектері. Өңірімізде өмір сүрген тайпалар тарихы. Мәдениеті (ерте сарматтар мәдениеті (прохор) орта сарматтар мәдениеті (суслов) кейінгі сарматтар мәдениеті). Сарматтар қыш ыдыстар, сақина, білезік сияқты әшекей заттар жасаған. Б. з. II-IV ғғ. Сарматтардың аса ірі археологиялық ескерткіші - жерлеу орындары (Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданында) табылған. Жерлеу дәстүрі. Зергерлік бұйымдары. III-V ғғ. зергерлік өнерге түсті металдардың ішінен алтынды көп қолдануы. Шаруашылығы.

### **V. Іздестіру-зерттеу жұмыстары**

*19 – сабақ. Іздестіру-зерттеу жұмыстарының әліппесі. Өлке тарихы - көше атауларында. Мен тұратын көше. (6 с.)* Зерттеу жұмыстарына баулу. Рәсімдеу тәртібі (аты, андатпа, кіріспе, негізгі нәтижелер және оны талдау, қорытынды, дәйексөз

дәйеккөздер тізімі). Ізденістік зерттеу жұмысы, құбылыстар, фактілерді салыстыру. Тезистер дайындау.

Қала көшесіне саяхат. Жаңадан атау алған көшелер тарихы.

20 – сабақ. *Іздестіру-зерттеу жұмысы «Көшемнің атауына мақтанам!» (3 с.)*

Рәсімдеу тәртібі (аты, андатпа, кіріспе, негізгі нәтижелер және оны талдау, қорытынды, дәйексөз дәйеккөздер тізімі). Слайд дайындау.

## **VI. Этнография**

21 – сабақ. *Батыс Қазақстан өлкесінде тұратын халықтардың мәдениеті, дәстүрі, әдет-ғұрпы туралы түсінік (3 с.)*

Халықтық салт-дәстүр. Салт-дәстүр – халықтың ертеден, ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай жалғасып келе жатқан, әбден қалыптасқан ережелері мен үлгілі істері. Қазақ халқының салт-дәстүрлері: қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, жастарға қамқоршы болу, ата-ананы ардақтау, үйге сәлем беріп кіру, әдептілік, қонақжайлылық, т.б. Ақсақалдар мен ел құрметіне бөленген сыйлы адамдар және ата-ананың өз ұрпағына, еліне арнап айтқан үлгі-өнегесі өсиет сөздерін жинау.

22 – сабақ. *Батыс Қазақстан өлкесінде тұратын халықтардың қолөнері туралы түсінік. (6 с.)*

Халықтық салт-дәстүр. Салт-дәстүр – халықтың ертеден, ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай жалғасып келе жатқан, әбден қалыптасқан ережелері мен үлгілі істері. Қазақ халқының салт-дәстүрлері: қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, жастарға қамқоршы болу, ата-ананы ардақтау, үйге сәлем беріп кіру, әдептілік, қонақжайлылық, т.б. Ақсақалдар мен ел құрметіне бөленген сыйлы адамдар және ата-ананың өз ұрпағына, еліне арнап айтқан үлгі-өнегесі өсиет сөздерін жинау.

23 – сабақ. *Ұлттық киімді әсемдеу дәстүрі (6 с.)*

Ұлттық киімдер атауы. Ұлттық киімді әсемдеу дәстүрі. Ою түрлері. Киізден жасалатын киімдер. Теріден жасалатын киімдер. Сырт киімдер: Аба; Бота ішік; Жарғақ; Тайжақы; Тақыр шалбар; Тон. Бас киімдер: Бөрік; Құлақшын; Малақай; Тақия; Тымақ. Аяқ киімдер: Кебіс; Мәсі; Мықшима; Саптама етік; Шарық (Шо-қай); Шоңқайма. Жүннен жасалатын киімдер. Жабағы күпі; Жадағай шапан; Жүн қолғап; Жүн шұлық; Мойынша; Түйежүн далбағай; Түйе жүн кеудеше; Шекпен; Шидем шекпен. Киімге байланысты ырымдар.

24 – сабақ. *Іздестіру-зерттеу жұмысы: Ұлттық тағамдар асханасы. (3 с.)*

«Ұлттық тағамдарының пайдасы» реферат

## **ҮІІ. Мұражай – асыл қазына**

25-сабақ. *Мұражай-халықтардың материалдық және рухани қазынасы. (9 с.)*

Қ.Мырзалиев атындағы әдебиет мұражайы, облыстық тарихи өлкетану музейіне саяхат.

26-сабақ. *Старый Уральск, Өрт сөндіру, темір жол вокзалының музейлеріне саяхат (9 с.)* «Аспан астындағы музей қала-Орал қаласы» тақырыбында қаладағы музейлерге саяхат.

27-сабақ. *Қысқы шаңғы жорығына дайындық (6 с.)*

## **ҮІІІ. Туған елің – тұғырың**

28-сабақ. *Батыс Қазақстан өңірінің шаруашылығы (3с)* Батыс Қазақстан өңірінің шаруашылығы маңызы бар (ауылдың, ауданның, қаланың) өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының орналасуының карта-сызбасын құрастыру, өлкенің кәсіпорындары және мекемелерінде сұранысқа ие мамандықтар; өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының жұмысымен танысу, «Омега», «Зенит» (кәсіпорындардың жетекшілерімен және мамандарымен кездесу); кәсіпорынға экскурсия жасау, техникамен, технологиялармен және технологиялық үдерістермен танысу, әр түрлі мамандық иелерімен танысу; маңызы бар (ауылдың, ауданның,



қаланың) өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының орналасуының карта-сызбасын құрастыру.

*29-сабақ. Жеңіл өнеркәсіп орталықтарына саяхат (6 с.)*

өлкенің жеңіл өнеркәсіпорындары және мекемелерінде сұранысқа ие мамандықтар; өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының жұмысымен танысу (кәсіпорындардың жетекшілерімен және мамандарымен кездесу); кәсіпорынға экскурсия жасау, техникамен, технологиялармен және технологиялық үдерістермен танысу, әр түрлі мамандық иелерімен танысу; алдын-ала жасалған жоспар бойынша аудан, қала үшін аса маңызды кәсіпорындарды оқып-білу және сипаттама беру. Сүт («Береке» ЖШС), бидай («Желаев» ЖШС), ет т.с.с. өнімдерін қайта өңдеумен негізінен «Береке» АҚ, «Ибрагим» ЖШС, «Жайық-Ет» ЖШС, «Кублей» ЖШС және Орал қаласында орналасқан 12 шағын цехтар айналысуы. Еңбек өнімдері. Өлкенің экономикасына пайдасы. Сауалнама жүргізу. Фотоға түсіруге үйрену.

*30-сабақ. Табиғатты қорғау орталығының жұмысымен танысу. Табиғат және экология музейіне саяхат. Батыс Қазақстан өңірінің ерекше қорғалатын аумақтары және табиғатты қорғау. (6 с.)* Батыс Қазақстан өңірінің ерекше қорғалатын аумақтары және табиғатты қорғау. туған өлкенің қорғауды талап ететін өсімдіктері мен жануарларын анықтау және тізімін құрастыру, олар жайлы фотоальбомдар, бейне слайдтар, бейнефильмдер жасау (жұмысты презентациялау), туған өлкенің және оған жақын аумақтардың «Қызылкітаптық», эндемикалық өсімдіктері мен жануарлары; ерекше қорғалатын аумақтар және нысандарға (мүмкіндікке байланысты): қорықтарға, қорықшаларға, ұлттық саябақтарға, табиғат ескерткіштеріне, хайуанаттар бағына, ботаникалық бақтарға, дендрарилерге, орман шаруашылықтарына саяхат жасау, олардағы табиғатты қорғау жұмыстарының технологияларымен танысу;

*31-сабақ. Батыс Қазақстан өңірінде кездесетін аң-құстар. Бердинг . (6 с.)* Өңірдің экологиялық жағдайы. Батыс Қазақстан өңірінде кездесетін аң-құстар, атаулары. Оларды дыбысынан, шеңгелдерінен, жұмыртқаларынан айыру.

*32-сабақ. Қысқы шаңғы жорығына дайындық. (6 с.)*

Шаңғы жорығын ұйымдастыру. Шаңғы жорығындағы кедергілер. Шаңғы туризмінің тактикасының маңызды элементтері. Шаңғы туризмінің тактикасының маңызды элементтері қатарына: маршруттың дұрыс түрін таңдау; сол маршрут бойынша болатын қиын жол учаскелерін бөліп, қарастыру; жорықты жүріп өту графигін құрастыру және де қиын учаскелерді қауіпсіз түрде өту үшін таңдаулы уақытты таңдау; лавина болатын жерлер мен қауіпті, экстремальды жерлерді өту барысында коллективті жұмысты ұйымдастыру.

## **IX. Ғалымның хаты өлмейді**

*33-сабақ. Батыс Қазақстан өңірінің танымал адамдары. (6 с.)* Өлкетанушылар туралы мәлімет. Х.Есенжанов шығармашылығы. Батыс Қазақстандағы тұтас бір кезеңнің оқиғаларына арналған - “Ақ Жайық” трилогиясы (1-кіт., 1957; 2-кіт., 1959; 3-кіт., 1965) “Ақ Жайық” трилогиясы мен “Көп жыл өткен соң” роман-дилогиясы 5 кітаптан тұратын тұтас эпопея. Х.Есенжанов өмірінің соңғы жылдары “Қарт қазақ”, “Жайын ілерде”, “Жар”, т.б. әңгіме, очерк, әдеби-сын мақалалары. Бастауыш, орта мектептер үшін оқулықтар жазуы. Қазақстан Мемлекеттік сыйлық лауреаты.

34-сабақ. *Өлкетанушылар еңбектерімен танысу. (6 с.)* ОБЖТжЭО-ның жанындағы кітапханаға саяхат. Жайсаң Ақбайдың, Сүлейменова Дәметкеннің шығармаларымен танысу. Алаш орда туралы мәліметтерімен танысу.

35-сабақ. *«Өмірі өлкесімен өрнектелген» өлкетанушылармен кездесу (6 с.)*

Жайсаң Ақбайдың, Сүлейменова Дәметкенмен кездесу кешін жоспарлау. Шығармаларын оқу.

36-сабақ. *Ұлттық мереке- Наурыздың тойлануы. (6 с.)* Наурыз мерекесінің тойлануы.

Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алуы. (Бұл мейрамды ежелгі гректер “патрих”, бирмалықтар “су мейрамы”, тәжіктер “гүл гардон”, “бәйшешек”, “гүлнаурыз”, хорезмдіктер “наусарджи”, татарлар “нардуган”, буряттар “сагаан сара”, соғдылықтар “наусарыз”, армяндар “навасарди”, чуваштар “норис ояхе” деп түрліше аталуы) Әбу Райхан Бируни, Омар һайям, т.б. еңбектерінде шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлағандығы туралы мәліметтер. Тойлану түрлері: үлкен от жағып, отқа май құяды; жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжайды; жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже “сумалак” ұсынады; ескі киімдерін тастайды; ескірген шыны аяқты сындырады; бір-біріне гүл сыйлап, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – “күн символын” салады; үйдегі тіреу ағашқа гүл іледі; түрлі жарыстар (жамбы ату, т.б.) ұйымдастырады. Мерекелік шараға әзірлік.

37-сабақ. *Батыс өңірінің ақын-жазушылары (3 с.)*

Ж.Молдағалиев «Мен – Қазақпын!» кітапханасына саяхат. Ақынның өмірі мен шығармашылығы. Поэмаларын оқыту. Слайд жасау. Кітапхана жұмысымен танысу. Кітап алуы. «Сағындым, Жайық», «Махаббатты таңдасам», «Қиял қанаты», «Мереке дастарқаны», «Мен-қазақпын», «Айттым сәлем», «Туған жер» өлеңдерін таныстыру. Қ.Мырзалиев, Ж.Нәбиуллин, А.Нәріков, А.Бақтыгереева, Ш.Қыдырниязова, Д.Мұштанова, Б.Ғұбайдуллин, М.Балмолда, М.Шүйіншалиева т.б. ақындар шығармашылығына шолу. Туған өлке туралы өлеңдерін оқу, жаттау.

38-сабақ. Батыс өңірінің ғалымдары (3 с.) Батыс Қазақстан облысының ғалымдары туралы түсіндіру

## **Х. Топонимика**

39-сабақ. *Батыс Қазақстан өлкесінің топонимикасы, жер-су атаулары. (6 с.)*

Батыс Қазақстан облысының жер-су атауларын әдеби шығармалар арқылы танысу.

40-сабақ. *«Туған өлкем - Ақжайық» виртуалды энциклопедиясының тапсырмалары бойынша жұмыс (6 с.)* Облыстық «Туған өлкем - Ақжайық» виртуалды энциклопедиясының бағыттары бойынша жұмыс жүргізу.

41-сабақ. *Топографиялық зерттеу, жергілікті жерді бағдарлау. Топографиялық белгілер. Саяхат ауданын зерттеу. Компас. Картамен жұмыс жасау. Күнделікпен жұмыс. (6 с.)* Топографиялық белгілер - жергілікті заттардың топографиялық, карталардағы шартты (графикалық, әріптік, сандық) белгілері. Масштабтық, масштабтан тыс және түсіндірмелі белгілер. Масштабты шартты белгілермен өз өлшемі бойынша карта масштабында керсетілетін заттар (орман, көл, т.б.). Масштабтан тыс шартты белгілер (карта масштабында өлшемі шағын болғандықтан (шахталар, радиомачта) көрінбей қалатын жергілікті заттарды бейнелеуге колданылады). Түсіндірмелі шартты белгілер масштабты, масштабтан тыс шартты белгілермен бірге, жергілікті заттарға қосымша сипаттама беру үшін колданылуы (орман түрін керсететін белгі, өзеннің ағу бағытын көрсететін белгі). Жергілікті заттардың шартты белгілерінің қасына объектінің аты көрсетіліп, түсініктеме берілуі.

42-сабақ. Батыс өңірінің электронды 3D картасын жасақтауға деректер жинақтау (6 с.) Облыстық «Туған өлкем - Ақжайық» виртуалды энциклопедиясының бағыттары бойынша жұмыстарын жинақтап, картаға жүктеуге көмектесу.

43-сабақ. Батыс Қазақстан соғыс жылдарында (3с) Екінші дүниежүзілік соғыс туралы мәлімет (Ұлы Отан соғысына, алты материктің әлемнің дербес 60-тан астам елі қатысқан). Батыс Қазақстан облысы соғыс жылдарында қан майданға күш беретін күретамырға және сол қанды қыздырып айдайтын көрікке айналуы. Кіші Отанымыз-Батыс Қазақстан «Сталинград шайқасы» майданының жақын тылы болуы. (Экспедиция қатысу: Жәнібек, Бөкейордадағы соғыс ізі) 1942 жылдың жазынан бастап Қазақстанның батыс аймақтары әскери қимылдар қатарына қосылды, соғыс жағдайы енгізілуі, алты қорғаныс шебін құруға дайындық жасалды, ұрыс қимылдары жоспарлануы. (Өлкемізден 76 635 –дай адам қан майданға аттанды. Оның ішінде 36 548 жерлестеріміз қасық қанын Отаны үшін қиды.)

44-сабақ. Батыстық батыр қыздары. Батыс Қазақстан соғыс жылдарында Мәншүк есімі мәңгілік. Қазақтың тұңғыш әскери ұшқыш қызы. Партизан қыз. (9 с.) Батыстық батыр қыздары аллеясы. М.Маметова, Х.Доспанова, М.Тоқтамышова, Н.Байсеитова, Р.Момынова, Қ.Ермекова туралы танысу.

45-сабақ. Қорытынды. (3 с.) «Жайық жұлдызы жетістіктері» папкасын жинақтау. Жылдық қорытынды есеп.

46-сабақ. Сынақтық жорықтар.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Акишев К.А., Кушиев Г.А., Древняя культура саков и усуней долины реки Или, 1963;
2. Артамонов М.И., Сокровища саков, М., 1973;
3. Акишев А.К., Искусство и мифология саков, А.-А., 1984;
4. А.Бейсенов., История Казахстана, т. 1, А., 1996.
5. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998 ж. 3-том
6. «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. Алматы: Атамұра, 2010.
7. В.И.Курилова., Туризм.
8. А.А.Остапец-Свешников., Программа туристско-краеведческой деятельности школьников.
9. Е.Ю.Ривкин., Организация туристической работы со школьниками.
10. В.В.Титова., Туристско-краеведческие кружки в школе.
11. Д.А.Белоусов., Литературно- краеведческий кружок в школе.
12. Т.К.Жездібаев., Жас туристерге кеңес
13. А.А.Остапец., Турист- ізкесушілер жорықта
14. Д.Д.Байдалиев., Болашақ мұғалімдерді педагогикалық өлкетану жұмысына кәсіби даярлау.
15. «Туристік қызмет туралы» заң актілерінің жиынтығы
16. Теориялық база ретінде отандық, ресейлік және шетелдік зерттеушілер еңбектері алынды.
17. Емельянов Б.В., Экскурсоведение. Учебное пособие. М., 2002.
18. «Боздақтар» 4 том
19. Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясы.
20. Қазақстан бұқаралық ақпараттық құралдары.